

Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған модельдік келісім-шартты бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 шілде N 1015 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 желтоқсандағы № 1412 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.25 № 1412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған модельдік келісім-шарт (бұдан әрі - Модельдік келісім-шарт) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдаланушылармен келісім-шарттарды жасасу және орындау жөніндегі құзыретті органы келісім-шарттарды дайындау және жасасу кезінде Модельдік келісім-шарттың ережелерін басшылыққа алсын. Бұрын берілген лицензиялар негізінде келісім-шарттар жасасарда тиісті лицензиялардың шарттары сақталсын.

3. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған модельдік контрактіні бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 108 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 3, 27-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 3 1 ш і л д е д е г і

N 1 0 1 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Модельдік
келісім-шарт**

_____ мемлекеттік органның атауы,

(Қ ұ з ы р е т т і о р г а н)
ж ә н е

_____ азаматтың аты-жөні, заңды тұлғаның, мемлекеттік және/немесе халықаралық ұйымның атауы

(М е р д і г е р)
а р а с ы н д а

_____ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрі көрсетілсін жүргізуге арналған _____

_____ әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы, кен орны, учаскесі (блогы) көрсетілсін

_____ Қазақстан Республикасының _____

_____ Кен орнында, учаскесінде (блогында),

_____ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрі көрсетілсін арналған осы Келісім-шарт 200__ жылғы " __ " _____

_____ мемлекеттік органның атауы

(бұдан әрі - Құзыретті орган) мен _____

_____ азаматтың аты-жөні, заңды тұлғаның атауы

(бұдан әрі - "Мердігер") арасында _____

_____ жер қойнауын пайдалану құқығын растайтын құжат сәйкес жасалды.

Кіріспе

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Жер қойнауы мен ондағы пайдалы қазбалар мемлекет меншігі болып табылатындығын;

2) Қазақстан Республикасы пайдалы қазбаларды, ұтымды әрі тиімді пайдалануға, оның ішінде _____

_____ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі _____

_____ жүзеге асыруға ниет білдіретіндігін;

_____ операцияның түрі көрсетілсін

3) Мердігердің Келісім-шартқа сәйкес _____

_____ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі _____ ұтымды әрі тиімді жүргізуге ниеті және

операцияның түрі көрсетілсін
қаржылық мүмкіндігі бар екендігін;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі Құзыретті органға Келісім-шарт жасасуға және орындауға арналған құқық үлесін бергендігін;

5) Құзыретті орган мен Мердігер _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі
_____ жүргізу кезінде осы Келісім-шарт
операцияның түрі көрсетілсін
олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейді деп уағдаласқандықтарын
назарға ала отырып,

Құзыретті орган мен Мердігер төмендегілер туралы келісті:

1-бөлім. Анықтамалар

Осы бөлімде түсінік берілмеген анықтамалар мен терминдердің Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығындағы (бұдан әрі - "Жер қойнауы туралы" Жарлық) және Пайдалы қазбалардың жекелеген түрлері мен техногендік минералдық құрылымдар туралы заңнамалық кесімдердегі анықтамалар мен терминдер сәйкес келетін мағынасы бар.

1. Жағалаулық сызық - су қоймасының ең көп құйылысы (толтырылған су) нәтижесінде пайда болған жағалаулық сызықты білдіреді. Жағалаулық сызықтың нақты орналасу жерін белгілеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Өтелетін шығындар - Келісім-шарттың ережелеріне және Мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленген _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі _____
_____ жүргізуге арналған Қазақстан
операцияның түрі көрсетілсін
Республикасының салық заңнамасына сәйкес ұстап қалуға жататын шығындарды білдіреді.

3. Мемлекет (Республика) - Қазақстан Республикасын білдіреді.

4. Келісім-шарттың қолданылу жылы - григориан күнтізбесі бойынша тізбектеле келетін 12 айға тең кезеңді білдіреді, Келісім-шарт мәтінінің контекстінде ол Келісім-шарттың күшіне енген күнінен немесе осы енудің кез келген жылынан басталады.

5. Тау-кендік бөлісім - Өндіруге арналған Келісім-шартқа, қосарланған Барлау мен Өндіруге арналған, Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес Құрылысқа және (немесе) жерасты құрылыстарын пайдалануға арналған Келісім-шартқа, Жер қойнауын пайдаланушының Барлау және (немесе) Өндірумен не Сервитутты жүзеге асырумен байланысты емес Өндіруді, Жерасты құрылыстарын жүргізуге құқылы Жер қойнауының участогын сызбалық және сипаттамалық белгілейтін Сервитут ресімделген жағдайда Келісім-шарттың ажыратылмас бөлігі не дербес құжат болып табылатын коммерциялық мақсатта жалпы тараған пайдалы қазбаларды Өндіруге арналған Келісім-шартқа қосымшаны білдіреді.

6. Мемлекеттік орган - Мемлекет атынан белгілі бір функцияны жүзеге асыруға құзырет берілген Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органын білдіреді.

7. Геологиялық бөлісім - Жер қойнауын пайдаланушы Барлау жүргізуге құқылы Жер қойнауының учаскесін сызбалық және сипаттамалық белгілейтін Келісім-шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын Барлауға, қосарланған Барлау мен Өндіруге арналған Келісім-шартқа қосымшаны білдіреді.

8. Келісім-шарттың күшіне ену күні - Келісім-шарттың 3.1-тармағында көрсетілген күнді білдіреді.

9. Өндіру - барлық технологиялық операцияларды және Минералдық шикізаттарды уақытша сақтауды қоса алғанда, мемлекет меншігіндегі Жер қойнауынан пайдалы қазбаларды, сондай-ақ Техногендік минералдық түзілістерді жер бетіне шығарумен байланысты жұмыстардың барлық кешенін (операцияларды) білдіреді.

10. Кең тараған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өз қажеттері үшін өндіру - жалпы кең тараған пайдалы қазбаларға не жер асты суларына қатысты кейін мәмілелер жасау ниетінсіз меншікке не тұрақты немесе уақытша жер қойнауын пайдалану құқығына жататын жер учаскесінде жүзеге асырылатын Өндіруді білдіреді.

11. Кеңінен тараған пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсатта Өндіру - өз қажеттері үшін кең тараған пайдалы қазбаларды Өндіруге жатпайтын кең тараған пайдалы қазбаларды кез келген өндіруді білдіреді.

12. Теңіздің ластануы - теңіздік ортаға материалдардың, заттардың, энергияның, шуылдың, дірілдердің қосылуын, сондай-ақ адамдардың денсаулығына, теңіздің тірі ресурстары мен экологиялық жүйесіне зиян келтіретін не келтіруге қабілетті не теңізде не оның жағалауында заңды қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға кедергі туғызатын немесе зиян келтіруге қабілетті түрлі тұрпаттағы сәулеленулер мен өрістердің пайда болуын білдіреді.

13. Жер қойнауын пайдалану туралы заңнама - Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығын, оған өзгерістер мен толықтыруларды және Пайдалы қазбалардың жекелеген түрлері мен Техногендік минералдық түзілістер туралы басқа да заңнамалық кесімдерді білдіреді.

14. Коммерциялық табылым - Келісім-шарттық аумақта Өндіру үшін экономикалық жағынан жарамды бір немесе бірнеше Кен орнының табылуын білдіреді.

15. Құзыретті орган - Келісім-шарт жасасумен және оны орындаумен тікелей байланысты құқықтар табысталған _____ атқарушы мемлекеттік білдіреді.

_____ органның атауы көрсетілсін

16. Келісім-шарт - Құзыретті орган мен Мердігер арасында _____

_____ Кен орнында, Учаскесінде (блоктарда)

_____ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізуге арналған осы Келісім-шартты, сондай-ақ осы Келісім-шартқа барлық қосымшаларын білдіреді.

17. Келісім-шарттық аумақ - Жер қойнауын пайдаланушы Келісім-шартқа сәйкес келетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы Геологиялық не Тау-кендік бөлісіммен белгіленген аумақ.

18. Кен орны - _____ табиғи шоғырланудан Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін тұратын _____ кен орнын білдіреді.
(егер ол ашылған болса)

19. Минералдық шикізат - құрамында Пайдалы қазбасы (Пайдалы қазбалары) бар Жер қойнауының жер үстіне шығарылған (тау жынысы, кендік шикізат және басқалар) бөлігі.

20. Салық заңнамасы - Салық кодексі және қабылдануы Салық кодексінде көзделген басқа да нормативтік құқықтық кесімдер. <*>

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 889 қаулысымен .

20-1. Салық кодексі - Келісім-шартқа қол қою (жасасу) күніне қолданыстағы Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексі (Салық кодексі). <*>

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 889 қаулысымен .

21. Жер қойнауы - топырақ қабатынан, ол жоқ болған кезде жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми-техникалық дамуды ескере отырып, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылған жер қыртысының бөлігін білдіреді. <*>

22. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар - _____
Жер қойнауын _____
жүргізуге арналған _____
пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін _____
Келісім-шартқа сәйкес Келісім-шарттық аумақта _____
Жер қойнауын пайдалану _____
жатқызылған барлық жұмыстарды _____
жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін білдіреді.

23. Мердігер - Құзыретті органмен Келісім-шарт жасасқан _____

жеке тұлғаның аты-жөні, заңды тұлғаның, оның ішінде _____

шетелдік заңды тұлғаның, сондай-ақ шет мемлекеттік халықаралық ұйымның атауы.
Жер қойнауын пайдаланушыны білдіреді.

24. Үкімет - Қазақстан Республикасының Үкіметін білдіреді.

25. Пайдалы қазбалар - материалдық өндірісте пайдалануға жарамды жер қойнауындағы қатты, сұйық немесе газ күйіндегі (оның ішінде жерасты сулары мен емдік балшықтар) минералдық заттарды білдіреді.

26. Ілеспе пайдалы қазбалар - негізгі Пайдалы қазбалармен бірге өндірілетін Пайдалы қазбаның құрамдас бөліктерін білдіреді.

27. Кен орындарын әзірлеудің оң тәжірибесі - Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде әдетте Мердігердің әлем елдерінде Барлау және Өндіру кезінде қолданатын ең оңтайлы, қауіпсіз, тиімді және қажетті тәжірибесін білдіреді.

28. Техногендік минералдық түзілістер - тау-кен байыту, металлургиялық және өндірістің басқа да түрлерінің құрамында Пайдалы қазбасы (Пайдалы қазбалары) бар өнеркәсіп қалдықтары (қоқыстар, үйінділер, қалдықтар және б а с қ а л а р) .

29. Жұмыс бағдарламасы - Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, Барлау және Өндіру жөніндегі жоспарларды қоса алғанда, Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін дайындалған жоспарлардың б а р л ы қ түрін білдіреді.

30. Барлау - Пайдалы қазбалардың Кен орындарын іздестірумен және оларды бағалаумен байланысты жұмыстарды (операцияны) білдіреді.

31. Тараптар - олар жиынтықта айқындалған Құзыретті орган мен Мердігерді б і л д і р е д і .

32. Қосалқы мердігер - Мердігердің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерінің қандай да бір бөлігін орындау туралы Мердігермен шарт жасасқан заңды немесе жеке тұлғаны білдіреді.

33. Үшінші жақ - Келісім-шарт бойынша Тараптарды қоспағанда кез-келген заңды немесе жеке тұлғаны білдіреді.

34. Бекітілген қорлар - Пайдалы қазбалардың мемлекеттік сараптамамен бағаланған геологиялық және алынатын қорларын білдіреді.

35. Жер қойнауының учаскесі (блок) - жер қойнауын пайдалануға беру үшін тұйықталған шекарада бөлінетін Жер қойнауының геометрияланған бөлігін білдіреді.

2-бөлім. Келісім-шарттың мақсаты

2.1. Келісім-шарттың мақсаты Келісім-шарт күшіне енген күні мемлекеттің қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес Құзыретті орган мен Мердігер арасындағы шарттық өзара қарым-қатынастарды белгілеу және заңдық ресімдеу
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2.2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша мемлекеттің мүддесін білдіретін өкілетті органды белгілей алады. <*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 2.2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.06.28. N 702 қаулысымен .

3-бөлім. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі

3.1. Келісім-шарт Құзыретті органда (уәкілеттендірілген мемлекеттік орган) Келісім-шарттың тіркелгені туралы сертификатты міндетті берумен оны мемлекеттік тіркеуден өткізген сәттен бастап, егер күшіне енудің өзге де неғұрлым кеш мерзімдері Келісім-шартта ескерілмесе, күшіне енеді.

3.2. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі _____
егер Тараптар Келісім-шартта _____ Келісім-шарт күшінің
неғұрлым ерте мерзімді ескермесе
с о ң ғ ы к ү н і а я қ т а л а д ы .

3.3. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі тараптардың келісуі бойынша Мемлекет заңнамасына сәйкес ұзартылуы мүмкін.

3.4. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ұзартылған кезде Келісім-шарттың ережелері Тараптардың жазбаша келісімімен өзгертілуі қажет.

4-бөлім. Келісім-шарттық аумақ

4.1. Мердігер _____
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін
Келісім-шарттың ережелеріне сәйкес Келісім-шарттық аумақ шегінде орындайды .

4.2. Егер _____
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін

жүргізу кезінде Кен орны шоғырының географиялық шекаралары Геологиялық немесе Тау-кен бөлісінде көрсетілген Келісім-шарт аумағынан тысқары шығып жатса, онда оны кеңейту туралы мәселе Келісім-шарттың ережелерін конкурс өткізбей өзгерту жолымен шешіледі.

4.3. _____

(Барлауға немесе Барлау мен Өндіруге арналған _____

_____ Келісім-шарттық аумақты қайтару,
Келісім-шарттар үшін)

Коммерциялық ашу жасалған аумақты қоспағанда, мынадай график бойынша жүзеге асырылады:

Келісім-шарттың қолданылуының екінші жылының соңына	%
Келісім-шарттың қолданылуының үшінші жылының соңына	%
Келісім-шарттың қолданылуының төртінші жылының соңына	%
Келісім-шарттың қолданылуының бесінші жылының соңына	%
Келісім-шарттың қолданылуының алтыншы жылының соңына	%

5-бөлім. Мүлік пен ақпаратқа арналған жеке меншік құқығы

5.1. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін

_____ Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін жүргізу үшін Мердігердің сатып алған барлық материалдық және материалдық емес активтер Мердігердің меншігі болып табылады.

5.2. Келісім-шарттың 5.1-тармағында көрсетілген мүлікке меншік құқығы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес _____

_____ Жер қойнауын пайдалану жөніндегі _____ қаржыландыруды қамтамасыз ету операцияның түрі көрсетілсін үшін Үшінші тұлғаның пайдасына берілуі немесе басқа тәсілмен ауыртпалануы мүмкін.

5.3. Жер қойнауының геологиялық құрылымы, ондағы пайдалы қазбалар, Кен орындарының геологиялық өлшемдері, қорлардың шамасы, әзірлеу шарттары, сондай-ақ Жер қойнауының өзге де ерекшеліктері туралы геологиялық есептерде, карталарда және өзге де материалдарда бар ақпарат, егер ол бюджеттік қаражат бөлу есебінен алынса және егер ол Мердігердің өз қаражатының есебінен алынса, Мердігердің меншігінде болады.

5.4. Мемлекет меншігіндегі Келісім-шарттық аймақ бойынша Жер қойнауы туралы ақпаратты Мердігер Мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен _____

Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөнінде уәкілеттілік алады.

берілген органның атауы

5.5. Мердігер _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі _____ жүргізу процесінде алынған операцияның түрі көрсетілсін Жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпаратты міндетті түрде белгіленген стандарт бойынша _____

Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөнінде сақтау, жүйелеу және уәкілеттік берілген органның атауы қорытындылау үшін тегін табыс етеді.

5.6. Мердігердің қаражаты есебінен алынған және оларға Келісім-шарттың 5.5-тармағына сәйкес табыс етілген Жер қойнауы туралы геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарға пайдалану Мердігер мен _____

Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөнінде _____ арасында жасалатын бөлек уәкілеттік берілген органның атауы келісімнің негізінде айқындалады.

5.7. Келісім-шарт күшін тоқтатқан кезде барлық геологиялық ақпарат Мемлекет меншігіне көшеді. Мердігер барлық құжаттар мен бастапқысын қоса алғанда өзге де геологиялық, материалдық ақпарат көздерін _____

Ж е р қ о й н а у ы н

пайдалану және қорғау жөнінде уәкілеттік білдірген органның атауы тегін беруге міндетті.

6-бөлім. Мемлекеттің пайдалы қазбаларды сатып алу және иеліктен айыруға арналған құқығы

6.1. Соғыс, табиғи зілзала жағдайында немесе төтенше жағдайлар туралы заңнамада көзделген өзге де жағдайларда Үкіметтің Мердігерге тиесілі Пайдалы қазбалардың бір бөлігін немесе барлығын иеліктен айыруға құқығы бар. Иеліктен айыру төтенше жағдайдың бүкіл мерзімі ішінде Мемлекеттің мұқтажы

үшін қажет көлемде жүзеге асырыла алады.

6.2. Мемлекет иеліктен айырған Пайдалы қазбалар үшін заттай немесе ақшалай түрде олардың құнын сол күнгі әлемдік нарықтың бағалары бойынша орнын толтыруға кепілдік береді (шетелдік Мердігерге ақшалай өтем еркін айналымдағы валютамен ұлттық Мердігерге Мемлекеттің ұлттық валютасымен төленеді).

6.3. Мемлекеттің Мердігерден _____
Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін әлемдік рыноктың
бағаларынан аспайтын баға бойынша _____
сатып алынатындарының

шектегі көлемі белгіленсін

Пайдалы қазбаның түрі, олардың бағасын белгілеу тәртібі мен төлем түрі _____
_____ алдыңғы кезекте сатып алуға құқығы бар.
көрсетілсін.

7-бөлім. Тараптардың жалпы құқықтары мен міндеттері

7.1. Мердігердің:

7.1.1. Келісім-шарттық аумақта _____
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі
_____ ерекше негізде жүргізуге;
операцияның түрі көрсетілсін

7.1.2. Келісім-шартта белгіленген шарттарға сәйкес өзіне берілген
Келісім-шарттық аумақ шектерінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі кез
келген заңды іс-қимылдарды дербес жасауға;

7.1.3. Таңдауы бойынша өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде _____
_____ пайдалануға; Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін

7.1.4. Келісім-шарттық аумақта, қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен
Мердігерге бөлінген өзге де жер учаскелерінде _____
Ж е р қ о й н а у ы н _____ жүзеге асыру
пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін үшін қажет өндірістік және
әлеуметтік сала объектілерін салуға;

7.1.5. Иелерімен уағдаластық бойынша Келісім-шарттық аумақта да, одан тыс жерлерде де жалпы пайдаланудағы объектілер мен коммуникацияларды п а й д а л а н у ғ а ;

7.1.6. Келісім-шарттың 3.3-тармағына сәйкес Келісім-шарт күшінің мерзімін ұзарту туралы келіссөздерді бірінші кезектегі тәртіппен жүзеге асыруға;

7.1.7. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін Қосалқы м е р д і г е р л е р д і т а р т у ғ а ;

7.1.8. Келісім-шартпен және Мемлекет заңнамасымен белгіленген шарттарды сақтай отырып, өзінің барлық құқығын немесе оның бір бөлігін үшінші т ұ л ғ а л а р ғ а б е р у ғ е ;

7.1.9. Келісім-шартпен және Мемлекет заңнамасымен белгіленген шарттарда өз қ ы з м е т і н т о қ т а т у ғ а ;

7.1.10. Келісім-шарт тоқтатылған жағдайда егер келісім-шартта өзгеше белгіленбесе, Мердігердің өз меншігіндегі мүлікке дербес билік жасауға құқығы б а р .

7.1.11. Мердігердің құқығы, егер ол Мемлекет заңнамасына қайшы келмесе, Тараптардың келісімі бойынша толықтырылуы мүмкін.

7 . 2 . М е р д і г е р :

7.2.1. Тараптардың келіскен Жұмыс бағдарламасын орындауға _____ кірісуге;

мерзімі белгіленсін

7.2.2. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізу кезінде әлемдік тәжірибеде қабылданған стандарттарға негізделген неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды таңдауға;

7.2.3. Келісім-шарттық аумақты Келісім-шартта көзделген мақсаттарға ғана п а й д а л а н у ғ а :

7.2.4. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін

Мемлекет заңнамасы мен Жұмыс бағдарламасына қатаң сәйкестікте жүргізуге ;

7.2.5. Басқа тұлғаларға Келісім-шарттық аумақ шектерінде еркін жүріп-тұруға , ортақ пайдаланудағы объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға немесе жұмыстың кез келген түрін, оның ішінде _____
басқа табиғи ресурстарды

Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін

Барлау мен Өндіруге, егер бұл қауіпсіздіктің ерекше шарттарымен байланысты болмаса және мұндай қызмет _____

Жер қойнауын пайдалану

жүргізуге кедергі

жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін
келтірмесе, бөгет жасамауға ;

7.2.6. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізу жөніндегі қызметшілер құрамы мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін белгіленген тәртіппен келісілген технологиялық сызбалар мен жобаларды сақтауға ;

7.2.7. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында конкурс өткізумен олардың стандарттарға және басқа да талаптарға сәйкестігі кезінде Мемлекетте өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімдерді міндетті түрде қолдануға ;

7.2.8. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында конкурс өткізумен, әуе, темір жол, су және көліктің басқа да түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау үшін қазақстандық кәсіпорындарды және ұйымдарды міндетті түрде тартуға ;

7.2.9. Қызмет көрсетудің қандай да бір түрі Қазақстан Республикасында болмаған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша шетелдік

ұйымдардың қызмет көрсетулерін пайдалануға;

7.2.10. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға артықшылық беруге және жұмыс орындарын қ ұ р у ғ а ;

7.2.11. Құзыретті органға Жұмыстың бағдарламасын, сондай-ақ оны іске асыру процесі туралы толық мәліметтер беруге;

7.2.12. Келісім-шарт бойынша жұмысқа тартылған қазақстандық қызметкерлердің кәсіптік дайындығын _____

инвестициялардың жалпы көлемінің
_____ каржыландыруға міндетті.

_____ кемінде - %-ы

Бұл ретте қазақстандық кадрларды оқытуға арналған міндеттеме бойынша қаражат сомасы тартылған қызметшілерді оқытудағы нақты қажетінен артылған жағдайда, Мердігер қаражаттың қалған сомасын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің өзара іс-қимылы туралы келісімге сәйкес орта білім беру жүйесінің басымдықты міндеттерін қаржыландыруға пайдаланады. Оқытуға арналған қаражаттың қалған бөлігі туралы ақпарат жылдық Жұмыс бағдарламасы мен кезекті жылдың бюджеті бекітілген соң қ ұ з ы р е т т і _____ о р г а н ғ а _____ б е р і л е д і ;

7.2.13. Қызметтік функцияларын орындау кезінде мемлекеттік бақылау органдарына қажетті құжаттарды, ақпараттарды кедергісіз беруге және жұмыс орындарына бөгетсіз өтуге және олар анықтаған тәртіп бұзушылықты уақытында т ұ з е т у г е _____ м і н д е т т і .

7.2.14. _____

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін Мазмұны туралы ақпаратты, егер мұндай қажеттілік туындаса ғана, _____

_____ тек _____ екінші

_____ егер Келісім-шартта өзгеше көзделмесе Тараптың жазбаша келісімімен
ү ш і н ш і _____ Т а р а п қ а _____ б е р у г е .

7.2.15. Салықтар мен бюджетке, басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ жер қойнауын ұтымсыз пайдаланғаны үшін айыппұлдарды уақытында төлеуге.

7.2.16. Өз қызметі процесінде Келісім-шарттық аумақта орналасқан мәдени-тарихи маңызы бар объектілерді сақтауға.

7.2.17. Келісім-шартты орындау жөніндегі өз қызметінің ұзақ мерзімді экологиялық салдарын болжауға және бұл болжамдарды Құзыретті орган мен қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдарға Келісім-шарт күшінің мерзімі аяқталуына дейін кемінде _____ жылдан кешіктірмей беруге.

7.2.18. Келісім-шарттық аумақты кен және санитарлық қадағалау, жер қойнауын және қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы ережелердің талаптарына сәйкес күйде қалдыруға.

7.2.19. Жай-күйі Мердігердің Келісім-шарт жөніндегі қызметі кесірінен бұзылған жер учаскелері мен басқа да табиғат объектілерін Мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес одан әрі пайдалануға болатындай жағдайға дейін қалпына келтіруге міндетті.

7.3. Құзыретті органның міндеттері:

7.3.1. Келісім-шарт шарттарының орындалуы мен бұзылуын Мемлекет заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздерде қамтамасыз ету;

7.3.2. Жерді пайдалану құқығында Мердігерге Келісім-шартқа сәйкес жер учаскесінің берілуін қамтамасыз ету.

7.4. Құзыретті органның құқықтары:

7.4.1. Келісім-шарт шарттары бойынша Мердігермен келіссөздерде Мемлекетті таныту;

7.4.2. Мердігерден Келісім-шарт талаптарының орындалуының есебін беруді үнемі талап ету. Келісім-шарт шарттарына қатысты өзге де ақпаратты сұрату.

7.4.3. Мердігердің, оның ішінде _____
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі _____
Келісім-шарттың шарттарын _____

операцияның түрі көрсетілсін орындау жөніндегі қызметіне қатысты құжаттаманы жүргізуін тексеру.

7.4.4. Келісім-шарт аумағында _____
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі

_____ жататын кез-келген жұмысқа қол
операцияның түрі көрсетілсін
жеткізу.

8-бөлім. Жұмыс бағдарламасы

8.1. Мердігер _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін Құзыретті органмен келісілген Жұмыс бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады;

8.2. Жұмыс бағдарламасы Кен орындарын әзірлеудің оң тәжірибесі ескеріле отырып, техникалық-экономикалық есептер мен негіздемелердің, Кен орны қорларының (егер ол ашылған және қорды тиісті мемлекеттік орган бекіткен болса) сараптамалық бағалануы не болмаса Жер қойнауы учаскелері (блоктары) және басқа да материалдар негізінде әзірленеді.

8.3. Мердігер келісілген Жұмыс бағдарламасын өзгерту және/немесе толықтыру туралы ұсыныстар енгізе алады. Жұмыс бағдарламасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер Тараптардың екеуара келісімімен жазбаша түрде е н г і з і л е д і .

8.4. Мердігер жыл сайынғы Жұмыс бағдарламасын жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келіседі.

9-бөлім. Барлау кезеңі

9.1. Барлау кезеңі Келісім-шартқа сәйкес _____

(бірақ алты жылдан аспайды)

тізбекті жылдан тұрады және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес келісуші Тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін _____

_____ (бірақ әр кезеңі екі жылға дейінгі ұзақтықпен кемінде екі рет болуы керек)

Бұл ретте Тараптар Келісім-шарттық аумақта Барлау жүргізуді жалғастыру үшін қалдырған бөлікті алдын ала белгілеуге және Жұмыс бағдарламасына тиісті өзгерістер е н г і з у г е ти і с .

9.2. Мердігер Барлауды Келісім-шарт күшіне енгеннен кейін _____

(Келісім-шартта белгіленген мерзімнен кешіктірмей) бастауы тиіс. Мердігер Барлауды бастаудың нақты күні туралы Құзыретті органды _____ күн бұрын, алдын ала хабардар етеді.

9.3. Барлаудың жүргізілу шамасына қарай Мердігер Келісім-шарт пен Жұмыс бағдарламасына сәйкес Коммерциялық табу жасалған аумақты қоспағанда, Келісім-шарт аумағын қайтаруға міндеттенеді.

9.4. Мердігер Келісім-шартқа сәйкес Жер қойнауының қайтарылатын учаскелерін айқындайды және бұл туралы Құзыретті органға _____ мерзімін көрсету керек күн бұрын _____ дейін хабарлайды.
мерзімі көрсетілсін

9.5. Қайтарылатын учаскелер Мемлекеттің қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысты заңнамаларының барлық талаптарына сәйкес болуы тиіс. Мердігер қайтарылатын аумақтар мен тікелей мақсатта пайдалану үшін жарамды жағдайға дейін _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі _____ жүргізу салдарынан бүлінген басқа операцияның түрі көрсетілсін да табиғи объектілерді өз есебінен қалпына келтіреді.

9.6. Егер Келісім-шарттық аумақта Коммерциялық табу жасалмаса немесе Кен өндіру кезеңіне көшу туралы шешім қабылданбаса, онда Келісім-шарт өз күшін Барлау кезеңі, оның мерзімі ұзартылу мүмкіндігі ескеріле отырып, аяқталысымен тоқтатады. Егер Мердігер Келісім-шарт бойынша жұмысын жалғастырудан бас тартса, онда ол Келісім-шарттық аумаққа деген барлық құқығынан айырылады және бұдан әрі Келісім-шарт бойынша шеккен зиянының орнын қалай да бір толтыруға таласа алмайды.

10-бөлім. Коммерциялық табу

10.1. Егер Мердігер оның айтуы бойынша Өндіруге қолайлы болатындай Кен орнын _____ ашса, бұл туралы Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін Құзыретті органға дереу хабар береді және қорларға сараптамалық баға беру жөніндегі Уәкілетті органға тапсыру үшін қорлардың есебі және олардың бағалануы туралы _____ күн ішінде есеп даярлайды.

10.2. Уәкілетті орган Жер қойнауын пайдалану туралы заңнамада белгіленген тәртіппен Кен орны қорларына мемлекеттік сараптамалық баға берудің

орындалуын

қамтамасыз

етеді.

10.3. Коммерциялық табу Мердігерге Өндіру кезеңіне көшуге (өндіруге арналған Келісім-шарт, егер де тек Барлауға Келісім-шарт бірінші рет жасалса) ерекше құқық береді.

10.4. Коммерциялық табу кезінде Мердігердің Коммерциялық табуға байланысты шеккен шығындарының орнын толықтай немесе ішінара толтыруға құқығы болады.

10.5. Егер Барлау нәтижесінде Коммерциялық табу болмаса, онда Мердігердің Барлау кезеңінде шеккен шығындарының орнын толтыру құқығы болмайды.

11-бөлім. Өндіру кезеңі

11.1. Мердігерге Келісім-шарт аумағында _____ тізбекті жыл бойы _____

(бірақ жиырма бес жылдан артық емес, ал ірі және бірегей кен орындары бойынша 45 жылға дейін) Өндіруге ерекше құқық беріледі.

11.2. Мердігер Өндіруге _____ күннен (мерзімі белгіленуі керек) кешіктірмей немесе Өндіру бағдарламасы келісілгеннен кейін (Барлауға және Өндіруге арналған Келісім-шарттар үшін) _____ (Келісім-шарт күшіне енген кіріседі.

_____ күні (Өндіруге арналған Келісім-шарттар үшін)

12-бөлім. Есепке алу және есеп беру

12.1. Мердігер Мемлекет заңнамасына сәйкес Келісім-шарт бойынша _____ қатысты есеп

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізуге және есепке алу құжаттарын белгіленген мерзімде сақтауға міндеттенеді.

12.2. Мердігер дейін 1-3 ЛКУ нысаны (лицензиялық-келісім-шарттық ережелердің орындалғаны туралы есеп) бойынша есеп-қисап тіркелген өткен _____

_____ қызметі туралы жылы, тоқсаны Құзыретті органға толық ақпарат береді.

12.3. Мердігер Мемлекет белгілеген заңнамадағы мерзім мен тәртіппен мемлекеттік органдарға өз қызметі туралы есеп беріп отырады.

12.4. Құзыретті органның Мердігердің Келісім-шарт қағидаларын сақтауына тексеру жүргізуге құқығы бар және өзінің өкілдері арқылы Мердігердің _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізуі кезінде қатыса алады.

13-бөлім. _____ Өлшеу

Пайдалы қазбаның түрі

13.1. Келісім-шарттық аумақта өндірілген _____

Пайдалы қазбаның түрі

_____ өлшеу және таразылау жұмыстарын Мердігер
к ө р с е т і л с і н

Мемлекетте қолданылатын әдістер мен тәжірибеге сәйкес жүргізеді.

13.2. Мердігер әр _____ сайын метрология

мерзімділігі көрсетілсін

және стандарттау жөніндегі Уәкілетті орган өкілдерінің қатысуымен
_____ өлшеу және таразылау

Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін

үшін пайдаланылатын жабдықтар мен аспаптарын сынақтан өткізеді.

13.3. Егер сынақ немесе тексеру кезінде жабдықтар немесе аспаптарда ақау байқалса, бүліну мерзімін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, ақау мерзімі ақау табылған күнге дейінгі алдыңғы өлшеу уақытының жартысы ретінде белгіленеді.

13.4. Егер Мердігер қолданылып жүрген әдістерге өзгерістер енгізуді қажет деп тапса немесе орнатылған өлшегіш аспаптарды ауыстырғысы келсе, онда ол бұл туралы Метрология және стандарттау жөніндегі уәкілетті органды оның өкілдерінің осы өзгерістер мен ауыстыруларға қатысуларына мүмкіндік беру үшін _____ күннен кешіктірмей хабардар етуі тиіс.

14-бөлім. Қосалқы мердігерлік жұмыстарды орындау

14.1. Мердігер Құзыретті органға жылдық Жұмыс бағдарламасының құрамында келесі күнтізбелік жылда жасалуы қажет қосалқы мердігерлік жұмыстардың жоспарын, материалдарды, жабдықтарды жеткізуге және қызмет көрсетуге арналған қосалқы келісім-шарттардың тізбесін, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік әлеуетті қосалқы мердігерлердің тізбесін ұсынады.

14.2. Мердігер Қосалқы мердігерлерді, әдетте, жұмысқа конкурстық негізде
а л а д ы .

14.3. Қосалқы мердігерлік келісім-шарттардың орындалуына Мердігер Мемлекет заңнамасына сәйкес жауап береді.

15-бөлім. Қаржыландыру

15.1. Мердігер Келісім-шарт бойынша өз қызметін толық қаржыландыруды Тараптармен келісілген Жұмыс бағдарламасына сәйкес өз жауапкершілігіне
а л а д ы .

15.2. Мердігер, егер Мемлекет заңнамасына қайшы келмесе, өз қызметін қаржыландыру үшін несиені Мемлекет ішінде және одан тысқары жерлерде кез-келген валютамен еркін ала алады.

15.3. Мердігердің Келісім-шартты орындау мақсатында Келісім-шарт бойынша түсімдер мен кірістерді білдіретін ақша қаражатын алу үшін Мемлекеттің банктерінде сияқты одан тысқары жерлерде де ұлттық та және шетел валютасындағы да шоттары болуы мүмкін.

15.4. Келісім-шартқа сәйкес есеп айырысудың барлық түрлері Мемлекет заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

15.5. Мердігер мен Қосалқы мердігерлер валюталық операцияларды валюталық реттеу туралы Мемлекет заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

16-бөлім. Салық салу <*>

16.1. Мердігер Келісім-шарт негізінде жүзеге асыратын қызметі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық Шартта өзгеше ереже белгіленбеген болса, Салық кодексіне сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндеттенеді.

Өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттарда салық салу ережелері Салық заңнамасына сәйкес белгіленеді.

16.2. Мердігер мынадай салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлейді:

16.2.1. Корпорациялық табыс салығы
Мердігер корпорациялық табыс салығын Салық кодексінің 4 және 7-

бөлімдеріне

сәйкес

төлейді.

16.2.2. Қосылған құн салығы

Мердігер қосылған құн салығын Салық кодексінің 8-бөліміне сәйкес төлейді.

16.2.3. Акциздер

Мердігер акциздерді Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес төлейді.

16.2.4. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері және үстеме пайда салығы

Мердігер жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен үстеме пайда салығын Салық кодексінің 10-бөліміне сәйкес төлейді.

16.2.4.1. Қол қойылатын бонус

16.2.4.1.1. Мердігер _____ мөлшердегі қол қойылатын бонусты Келісім-шарт күшіне енген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей төлейді.

16.2.4.2. Коммерциялық табу бонусы

Мердігер коммерциялық табу бонусын Салық кодексіне сәйкес Келісім-шартта белгіленген ставка бойынша төлейді.

16.2.4.3. Роялти

Мердігер роялтиді Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін пайдалы қазбалардың әр түрі бойынша, оны сатып алушыларға өткізілгеніне (тиеп жөнелтілгеніне) немесе өз қажетіне пайдаланылғанына қарамастан, Салық кодексі 300-бабының 3-тармағымен көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке төлейді.

16.2.4.3.1. Мердігер роялти төлеуді _____ ставка бойынша жүргізеді.

16.2.4.3.2. Роялтиді ақшалай төлеу нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Құзыретті органмен қосымша келісімде белгіленген тәртіпте заттай нысанмен ауыстырылуы мүмкін.

16.2.4.3.3. Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндірген жағдайда Мердігер роялтиді міндеттемелер пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес төлейді.

16.2.4.4. Үстеме пайда салығы

16.2.4.4.1. Мердігер үстеме пайдаға салынатын салықты есептеуді салық кезеңінің аяғында қол жеткен пайданың ішкі нормасы деңгейін негізге ала отырып, мынадай ставкалар бойынша жүргізеді:

Пайданың ішкі нормасы (ПИН), %	Есепті жылдағы таза кіріске %-бен алғанда үстеме пайда салығының ставкасы
20-дан кем немесе оған тең	0
20-дан артық, бірақ 22-ден кем немесе оған тең	4
22-ден артық, бірақ 24-тен кем немесе оған тең	8
24-тен артық, бірақ 26-дан кем немесе оған тең	12
26-дан артық, бірақ 28-ден кем немесе оған тең	18
28-ден артық, бірақ 30-дан кем немесе оған тең	24
30-дан артық	30

16.2.4.4.2. Пайданың ішкі нормасы
Пайданың ішкі нормасы Келісім-шартқа қол қою (жасасу) күніне қолданыстағы Салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

16.2.5. Әлеуметтік салық
Мердігер әлеуметтік салықты салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 11-бөліміне сәйкес төлейді.

16.2.6. Жер салығы
Мердігер жер салығын салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 12-бөліміне сәйкес төлейді.

16.2.7. Көлік құралдары салығы
Мердігер көлік құралдары салығын салық міндеттемелері пайда болған кезде

қолданыстағы Салық кодексінің 13-бөліміне сәйкес төлейді.

16.2.8. Мүлік салығы

Мердігер Мүлік салығын салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 14-бөліміне сәйкес төлейді.

16.2.9. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым
Мердігер заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 68-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.10. Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым
Мердігер жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 70-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.11. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым
Мердігер радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 71-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.12. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым
Мердігер механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 72-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.13. Теңіз, өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым
Мердігер теңіз, өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 73-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.14. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым
Мердігер азаматтың әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алымды салық

міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 74-тарауына
с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.15. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы
б о й ы н ш а жүргені үшін алым

Мердігер автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы
бойынша жүргені үшін алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде
қолданыстағы Салық кодексінің 76-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.16. Аукциондардан алынатын алым

Мердігер аукциондардан алынатын алымды салық міндеттемелері пайда
болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 77-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.17. Елтаңбалық алым

Мердігер елтаңбалық алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде
қолданыстағы Салық кодексінің 78-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.18. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық
а л ы м

Мердігер жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық
алымды салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық
кодексінің 79-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.19. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы

Мердігер жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны салық
міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 81-тарауына
с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.20. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы

Мердігер жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны
салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 82-
т а р а у ы н а с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.21. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы

Мердігер қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақыны салық
міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 83-тарауына
с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.22. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы
Мердігер жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақыны салық
міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 84-тарауына
с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.23. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы
Мердігер орманды пайдаланғаны үшін төлемақыны салық міндеттемелері
пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 85-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.24. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем
а қ ы
Мердігер ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін
төлемақыны салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық
кодексінің 86-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.25. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы
Мердігер радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақыны салық
міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 87-тарауына
с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.26. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем ақы
Мердігер кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақыны салық
міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 88-тарауына
с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.27. Сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлемақы
Мердігер сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлемақыны
салық міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы Салық кодексінің 89-
т а р а у ы н а с ә й к е с т ө л е й д і .

16.2.28. Мемлекеттік баж
Мердігер мемлекеттік бажды салық міндеттемелері пайда болған кезде
қолданыстағы Салық кодексінің 90-тарауына сәйкес төлейді.

16.2.29. Кеден төлемдері
Мердігер кеден төлемдерін "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы"
Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына және оның кейінгі
өзгерістері мен толықтыруларына сәйкес төлейді.

16.3. Қызметкерлерге салық салу

Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді Мердігердің қызметкерлері салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелер пайда болған кезде қолданыстағы Салық заңнамасына сәйкес төлейді.

16.4. Қосалқы мердігерлерге салық салу

16.4.1. Мердігерге қызметтер (жұмыстар) жасайтын қосалқы мердігерлер мен олардың қызметкерлеріне салық салу салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелер пайда болған кезде қолданыстағы Салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

16.4.2. Мердігердің төлем көздерінен салық ұстау жөніндегі міндеттемелерін қоспағанда, Мердігер өзінің қосалқы мердігерлерінің салықтық міндеттемелері үшін жауапты болмайды.

16.5. Трансферттік баға тағайындау

16.5.1. Салық қызметі органдары мен кеден органдары мәмілелер бойынша бағалардың дұрыс қолданылуына Қазақстан Республикасының трансферттік бағалардың қолданылуын мемлекеттік бақылау мәселелерін реттейтін заңнамалық кесімінде көзделген тәртіппен және жағдайларда бақылау жасайды.

16.5.2. Мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісі анықталған жағдайда салық органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұлдар мен өсімпұлдарды қолдана отырып, салық салу объектілері мен салық міндеттемелеріне түзету енгізеді.

16.6. Жалпы салықтық жауапкершілік

Келісім-шарт ережелері бойынша төленетін салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Мердігерді Келісім-шарт ережелерінде көзделмеген қызметті жүзеге асырғаны үшін салық міндеттемелері пайда болған күнге заңнамалық кесімдермен белгіленген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу міндеттемелерінен босатпайды.

16.7. Салық шекарасы

Мердігер салық режиміне сәйкес Келісім-шартпен көзделген салық міндеттемелерін есептеу үшін жеке есепті және осы Келісім-шарт шегінен тыс

қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеуді жүргізуге міндетті.

Бұл ереже кең тараған пайдалы қазбаларды және (немесе) жерасты суларын өндіру жөніндегі Келісім-шарттарға қолданылмайды.

16.8. Салықтар мен төлемдерді төлеу және аудару

16.8.1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен және Келісім-шарт ережелерімен заттай нысанда төлеу немесе шетелдік валютамен төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, теңгемен орындалады.

16.9. Салық заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Салық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық тиісті заңнамалық кесімдермен р е т т е л е д і .

16.10. Өсімпұлдарды төлеу

Уақыты өткен салық міндеттемелері сомасына өсімпұлдарды есептеу осы соманы төлеу күніне қолданыстағы Салық заңнамасымен белгіленген мөлшерде қ о л д а н ы л а д ы .

16.11. Салық режимінің тұрақтылығы

16.11.1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда белгіленген салық салу ережелері салық заңнамасының өзгеруіне байланысты тараптардың келісімі бойынша түзетілуі мүмкін.

Салық заңнамасындағы өзгерістер нәтижесі болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыға салық салу ережелері жақсарған жағдайда, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы салық салу ережелеріне т ү з е т у л е р е н г і з і л е д і .

16.11.2. Келісім-шартта көзделген салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері жойылған жағдайда, осы Келісім-шарттың 16.11.1-тармағында белгіленген тәртіппен келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдаланушы Келісім-шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде оларды бюджетке төлеуді жалғастыра б е р е д і .

16.12. Ақпаратқа қол жеткізу

16.12.1. Мердігер банктегі шоттарына Қазақстан Республикасы салық органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол жеткізу мүмкіндігі бар екендігін мойындайды.

16.12.2. Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық қызметінің қызметкерлеріне Келісім-шарт шектерінде жүзеге асырылатын қызметке жататын ақпаратты беруге міндетті.

16.12.3. Мердігер салық төлеушілер мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті органға салық заңнамасымен белгіленген жағдайларда және тәртіпте қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі ақпаратты береді.

Ескерту. 16-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 889 қаулысымен .

16.1. Зейнетақымен қамтамасыз ету <*>

Мердігер өз жұмыскерлерінің міндетті зейнетақы жарналарын міндеттемелері пайда болған кезде қолданыстағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнамаға сәйкес ұстайды және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударады.

Ескерту. 16-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 889 қаулысымен.

17-бөлім. Бухгалтерлік есеп

17.1. Мердігер Мемлекет заңнамасымен белгіленген бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібіне сәйкес Келісім-шартты жүзеге асыруға байланысты барлық кірістер мен шығыстардың толық және дәл бухгалтерлік есебін жүзеге асыруға міндеттенеді.

17.2. Мердігердің барлық бухгалтерлік кітаптары мен есептік құжаттары Мемлекеттің заңнамасымен белгіленген олардың құзыреттеріне сәйкес Құзыретті органдар мен мемлекеттік органдардың тексерісі үшін қол жеткізілімде болады.

18-бөлім. Сақтандыру

18.1. Мердігер Келісім-шарт күшіне енген күннен соң _____ күн ішінде _____

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін байланысты болатын кәсіпкерлік тәуекелдерді, мүлікті және жауапкершілікті сақтандыру бағдарламасын дайындайды және Құзыретті органға келісуге береді.

18.2. Сақтандыру _____

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін жүргізу орнына жеткізілген жүктерді тасымалдау және жинап

қ о ю м е н ;

_____ жүргізу процесінде Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін жалға алынған немесе лизинг бойынша пайдаланылатын мүлікті қоса алғанда Мердігердің мүлкімен; жерді қоса алғанда, қоршаған табиғи ортаның ластануымен және жерді суландыру мен қалпына келтіруді қоса алғанда, қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиянның салдарын жоюға арналған шығыстармен; Үшінші тұлғалардың алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен байланысты мүліктік тәуекелдер мен жауапкершілік үшін к о з д е л е д і .

18.3. Мердігер өзінің қызметшілерін сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

18.4. Мердігер өзінің қалауы бойынша Мемлекеттің заңнамасына сәйкес сақтандыру компаниясын таңдап алады.

19-бөлім. Тарату және тарату қоры

19.1. Келісім-шарт күшінің мерзімі бітуіне дейін _____ күнде, ал Өндіруге арналған Келісім-шартта Келісім-шарттың қолданылуының басталуынан екі жыл кешіктірмей, Мердігер таратуға кететін шығындардың сметасын қоса алғанда, өзінің қызметін тарату салдарының бағдарламасын Құзыретті органға бекітуге т а п с ы р у ы т и і с .

19.2. Тарату бағдарламасында Келісім-шарт аумағында Мердігердің қызмет процесінде пайдаланылған ғимараттары мен жабдықтарын қашықтату немесе т а р а т у к о з д е л і н у і т и і с .

19.3. Тарату бағдарламасын орындауды толық қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Мердігер _____ мөлшерінде тарату қорын к ұ р а д ы .

19.4. Тарату қорына _____ мөлшерінде қаржыны _____ Мердігер Қазақстан к е з е н д і л і г і а н ы қ т а л с ы н

Республикасының аумағындағы кез-келген банкіге арнаулы депозиттік шотқа аударарды және _____

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін жөніндегі шығындар құрамына енгізеді.

Мердігер қорды пайдалануды Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі өкілетті органмен келісумен Құзыретті органның рұқсатымен жүзеге

а с ы р а д ы .

19.5. Егер таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен асып кетсе, Мердігер тарату жұмыстарын қосымша қаржыландыруды жүзеге а с ы р а д ы .

19.6. Егер таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен кем болып шықса, ақшалай қаражаттың артығы мердігерге беріледі және салық салынатын табысқа енгізіледі.

19.7. Егер Мемлекет Келісім-шарт күшінің мерзімі біткен соң, Мердігердің оған берген ғимараттардың барлығын немесе бір бөлігін өз жауапкершілігіне алып, пайдалануды жалғастыру туралы шешім қабылдаса, мұндай жағдайда Мердігер тарату бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ешқандай жауапкершілік алмайды және тарату қорында жинақталған барлық активтерге қатысты барлық құқықтарды Мемлекетке береді.

20-бөлім. Жер қойнауын және қоршаған табиғи ортаны қорғау

20.1. Келісім-шартты орындау процесінде Мердігер Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауға қатысты Мемлекет заңнамасын сақтауға, және тұрғындардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

Пайдалы қазбаларды ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету; табиғи ландшафтты сақтау және бүлінген жерлерді, басқа да геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіру;

жер сілкіністерінің, көшкіндердің, су басулардың, топырақтың шөгуінің алдын алу мақсатында Жер қойнауының жоғарғы бөліктерінің энергетикалық жай-күйінің қасиеттерін сақтау мақсатында барлық қажетті шараларды қ о л д а н у ғ а м і н д е т т і :

20.2. _____

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін жүргізу кезінде Мердігер басымдылық тәртіппен мынадай талаптарды орындауға міндетті:

- 1) экологиялық талаптар:
қоршаған табиғи ортаны сақтау;
жердің техногендік шөлейттенуін болдырмау;
топырақтың су және жел эрозиясына ұшырауын болдырмау;
ластануды болдырмау үшін тартылатын және тұщы сулы жерлерді оқшаулау;
жер асты суларының сарқылуының және ластануының алдын алу;
жер қойнауын пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы

заңнамаға сәйкес келетін басқа да талаптар.

2) Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар:

Жер қойнауын пайдалануға, оның ішінде Кен өндіруге байланысты емес мақсаттар үшін берілген _____

Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін
Кен орындары мен Жер қойнауының учаскелеріндегі қорлардың шамасы мен құрылымын анық бағалау үшін Жер қойнауының озымды толық геологиялық зерделенуін қамтамасыз ету;

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін барлық кезеңдерінде Жер қойнауын ресурстарын ұтымды және кешенді пайдалануды қ а м т а м а с ы з е т у ;

_____ толық
Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін
шығарылуын қамтамасыз ету;

Кен орнын әзірлеу кезінде Жер қойнауынан шығарылған және Жер қойнауында қалған Пайдалы қазбалар мен ілеспе компоненттеріне, минералды шикізаттарды Ұқсату өнімдері мен өндіріс қалдықтарына нақтылы есеп жүргізу;

Жер қойнауын _____
(Барлау, Өндіру, сондай-ақ Өндірумен

_____ байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салу және пайдалану) кезіндегі қауіпті техногендік процестерден сақтандыратын қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі Мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес Жер қ о й н а у ы н п а й д а л а н у ;

Жер қойнауын су басудан, өрттен, қопарылыстан, жоғарғы қабаттардың төмен опырылуынан, сондай-ақ оның сапасын төмендететін немесе Кен орнын пайдалануды және әзірлеуді қиындататын басқа да апаттық факторлардан қорғау ;

_____ Жер қойнауын пайдалану операциясының түрін көрсету керек жүргізу кезінде Жер қойнауының ластануын болдырмау;

Келісім-шарттың 29-бөлімімен белгіленген _____
Жер қойнауын пайдалану

_____ операциясының түрі көрсетілсін тоқтата тұру, тоқтату тәртібін және Келісім-шарттың 19-бөлімімен белгіленген Кен орындарын әзірлеу объектілерін т а р а т у т ә р т і б і н с а қ т а у ;

су жинау алаңдары мен жер асты су қорлары қабаттарының орындарында оларды қордалануды болдырмау мақсатында, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды үю және орналастыру кезінде санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету;

3) санитарлық-гигиеналық талаптар:
санитарлық қорғау аумағын ұйымдастыру;
санитарлық қорғау аумағының көріктендірілуін қамтамасыз ету;
барлық жабдықтар, құбырлар, қолданылатын химиялық құралдар және соған ұқсас санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының рұқсат еткендерінен болуы тиіс;
санитарлық-гигиеналық жағдайды қалпында ұстауға бағытталған санитарлық-гигиеналық іс-шараларды жүзеге асыру, өндірістік сырқаттар мен жаракаттың алдын алу;
қызметкерлердің денсаулығын нығайту үшін қолайлы жағдайлар туғызу;
қоршаған ортаның мониторингін қамтамасыз ету.

Мердігер _____

Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі көрсетілсін объектілерінің геологиялық, гидрогеологиялық, экологиялық, инженерлік-геологиялық және технологиялық зерделеудің толықтығын және нақтылығын қамтамасыз етеді.

20.3. Мердігер осы Келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметін бастамас бұрын жоспарланған қызметтің қоршаған табиғи ортаға ықпалын бағалауды жүргізуі және мемлекеттік табиғат қорғау органдарынан табиғатты пайдалануға рұқсат алуы керек.

20.4. Мердігер осы Келісім-шарт бойынша өз қызметінің нәтижесінде жер қойнауына және қоршаған ортаға әсерін зерделеу және теріс ықпалды уақытылы жою жөніндегі шаралар қабылдау мақсатында олардың мониторингін жүргізуі тиіс.

20.5. Мердігер қоршаған ортаның жай-күйін бұзушылықты жою, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге және табиғатқа келтірілген шығынды толық көлемде өтеуге міндетті.

20.6. Жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың сақталуы үшін Мемлекеттік бақылауды уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

20.7. Мердігер Келісім-шарттық аумақтың қоршаған ортасының жай-күйін сақтау жөніндегі жұмыстарды орындайды.

20.8. Мердігер Мемлекет заңнамасына сәйкес Келісім-шарт күші тоқтатылғаннан кейін немесе Келісім-шарт аумағын кезең-кезеңімен қайтару кезінде, Келісім-шарт аумағын тікелей мақсаты бойынша одан әрі пайдалану үшін жарамды жағдайда тапсырады.

20.9. Келісім-шартты қолдану уақытында қоршаған ортаның жай-күйінің, сондай-ақ Келісім-шарттық аумақтың бүлінуі (нашарлауы) тікелей, мақсатқа пайдалануға жарамды жай-күйге дейін Мердігердің есебінен қалпына келтіріледі. 21-бөлім. Тұрғындар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі

21.1. Мердігер Келісім-шартқа сәйкес _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі

_____ операциясының түрі көрсетілсін жүргізу

Пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін

кезінде Мемлекет заңнамасында көзделген жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нормалар мен ережелердің орындалуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ апаттар мен кәсіби сырқаттардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу т и і с .

21.2. Егер адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп туғызатын болса _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізуге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

21.3. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізу кезінде техникалық қауіпсіздік және өндірістік тазалық ережелері мен нормаларын сақтауға мемлекеттік бақылауды уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

21.4. _____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін жүргізу кезінде қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

жұмыстарға арнайы дайындығы мен біліктілігі бар адамдарға, ал тау-кен

жұмыстарын басқаруға - тиісті білімі бар адамдарға рұқсат беру;
жүргізу

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін кезінде онымен айналысатын адамдарды арнайы киімдермен, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;

тиісті қауіпсіздік талаптары мен тазалық нормаларына сәйкес келетін машиналарды, жабдықтар мен материалдарды қолдану;

жарылғыш заттар мен жару құралдарын тиісінше сақтау және жұмсау, есебін жүргізу, сондай-ақ оларды дұрыс және қауіпсіз пайдалану;

жұмыстардың технологиялық циклын және қауіпті жағдайларды болжауды қамтамасыз ету үшін қажетті және жеткілікті геологиялық, маркшейдерлік және өзге де бақылаулар кешенін жүргізу, қауіпті аймақтарды дер кезінде анықтау және тау-кен жұмыстарының жоспарларына енгізу;

техникалық құжаттамалар мен апаттарды жою жоспарларын, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу шекараларын нақтылайтын мәліметтермен уақытылы толықтырып отыру;

Кен орындарын әзірлеудің жобалық жүйелерін (Қатты пайдалы қазбалар үшін), Әзірлеудің және Кен орындарын (мұнай, газ және жер асты сулары үшін) жайластырудың жобалары мен технологиялық сызбаларын сақтау.

21.5. Мердігердің лауазымды адамдары, қызметкерлердің және/немесе тұрғындардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнуі туындаған кезде жұмыстарды жедел тоқтатуға және адамдарды қауіпсіз жерге тасуға және бұл туралы Құзыретті және жергілікті атқару органдарына хабардар етуге міндетті.

21.6. Мердігер оның шарттық міндеттемелер мен еңбек міндеттерін атқаруы кезінде азаматтың денсаулығына келтірілген зиянның орнын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толтырады.

22-бөлім. Мердігердің келісім-шарттың Шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі

22.1. Мердігер жасасқан мәмілелер Мемлекет заңнамасында көзделген негіздер бойынша заңсыз деп танылады.

22.2. Мердігер Келісім-шарттың 22.1-тармағында көрсетілген іс-қимылдардың салдарлары үшін Құзыретті органның және Үшінші тұлғалардың алдында толық жауапкершілікте болады.

22.3. Көрсетілген мәмілелерді жасауда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларын басқа да бұзылушылықтарға кінәлі адамдар

заңмен белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікте болады.

23-бөлім. Кездейсоқ оқиға

23.1. Келісім-шарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық тежеусіз күшке (кездейсоқ оқиғаға) байланысты болса Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке т а р т ы л м а й д ы .

23.2. Тежеусіз күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдаяттар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғат апаттары, табиғи зілзалалар (өрт және т.с.). Келтірілген тізбе бәрін толық қ а м т ы ғ а н б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

23.3. Тежеусіз күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші Тарап бұл туралы кездейсоқ оқиға мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын анықтаған жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу жолымен екінші Тарапқа дереу хабарлайды.

23.4. Кездейсоқ оқиға мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарларын барынша азайту мәліметі үшін барлық құралдарды п а й д а л а н а д ы .

23.5. Кездейсоқ оқиға мән-жайларымен байланысты Келісім-шарт бойынша жұмыстардың толық немесе ішінара тоқтауы кезінде, бұл жұмыстардың жүргізілу кезеңі кездейсоқ оқиғаның қолданылу мерзіміне ұзартылады және кездейсоқ оқиға тоқтатылған сәттен бастап қайта жаңғыртылады.

24-бөлім. Құпиялылық

24.1. Келісім-шартты орындау процесінде қандай да болмасын Тараптың алған немесе сатып алған ақпараты құпия болып табылады. Тараптар Мемлекет заңнамасында көзделген қажетті есеп берулер құрастыру үшін құпия ақпаратты п а й д а л а н а а л а д ы .

24.2. Тараптардың екінші Тараптың келісімінсіз құпия ақпаратты Үшінші тұлғаларға мынадай жағдайларды қоспағанда беруге құқығы жоқ:

егер бұл ақпарат сотта іс қарауды жүргізу барысында пайдаланылса; ақпарат Мердігерге қызмет көрсететін Үшінші тұлғаға мұндай Үшінші Тарап мұндай ақпаратты құпия қарап және оны Тараптар белгілеген мақсаттарға және

белгіленген мерзімдерде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайда ;

ақпарат Мердігер қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайда .

24.3. Тараптар, Мемлекет заңнамасына сәйкес, Келісім-шарттық аумақта _____

жүргізуге Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін қатысты барлық құжаттардың, ақпараттардың және есептердің құпиялығын сақтау мерзімін айқындайды.

25-бөлім. Құқықтар мен міндеттерді тапсыру

25.1. Келісім-шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді Үшінші тұлғаға тапсыруға, жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге тапсыруды қоспағанда, тек Құзыретті органның жазбаша рұқсатымен ғана жол беріледі. Құзыретті орган, егер негізгі ұйым Құзыретті органға Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін толық орындауға еншілес заңды тұлғамен ортақ кепілдік берсе, Жер қойнауын пайдалану құқығын кез-келген жағдайда, еншілес ұйымға кез-келген тапсырудан б а с т а р т у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

25.2. Келісім-шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді тапсыруға байланысты шығыстарды Мердігер көтереді және мемлекет тарапынан орны т о л т ы р ы л м а й д ы .

25.3. Мердігер Келісім-шартта қандай да болмасын қатысуын сақтаған уақытқа дейін, ол және ол құқықтар мен міндеттерді берген Үшінші тұлға Келісім-шарт бойынша ортақ жауапкершілікте болады.

26-бөлім. Қолданылатын құқық

26.1. Келісім-шарт және Келісім-шарт негізінде қол қойылған басқа да келісімдер үшін, егер Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының қ ұ қ ы ғ ы қ о л д а н ы л а д ы .

26.2. Мердігер өзіне Келісім-шарттық аумақта және онымен іргелес учаскелерде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Мемлекет алған Халықаралық міндеттемелерді сақтауға өзіне міндеттеме қабылдайды.

27-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

27.1. Тараптар Келісім-шарттан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу үшін барлық шараларды қабылдайды.

27.2. Егер дау туындаған сәттен бастап _____ күн ішінде даулы мәселе келіссөздер жолымен шешілмесе, онда Тараптар оны шешу үшін мынадай органдарға тапсырады:

заңнамаға сәйкес осыған ұқсас дауларды қарауға уәкілетті Мемлекеттің сот органдарына немесе;

мынадай арбитраж органдарының біреуіне _____
(текшетелдік

_____);
Мердігерлер және бірлескен кәсіпорындар үшін)

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенцияға (ИКСИД конвенциясы) сәйкес 1995 жылғы 18 наурызда Вашингтонда құрылған қол қою үшін ашық инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталығы (бұдан әрі - орталық), егер Мердігердің мемлекеті осы конвенцияның мүшесі болса немесе;

егер Мердігердің мемлекеті ИКСИД конвенциясының мүшесі болмаса, орталықтың қосымша мекемесіне (қосымша органның тәртібі бойынша қызмет ететін) немесе;

Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНСИТРАЛ) Халықаралық Сауда құқығы жөніндегі комиссиясының арбитраждық регламентіне сәйкес құрылатын арбитраж органдарына немесе;

Стокгольмдегі Халықаралық Сауда палатасының Арбитраждық институты жанындағы арбитраждық қарауға, немесе:

Мемлекеттің Сауда-өнеркәсіптік палатасы жанындағы арбитраж комиссиясына _____

Жоғарыда көрсетілген органдардың бірін

_____ таңдап алу керек

28-бөлім. Келісім-шарт тұрақтылығының кепілдіктері <*>

28.1. Заңнамаға Мердігердің жағдайын нашарлататын өзгерістер мен толықтырулар осындай өзгерістер мен толықтыруларға дейін берілген және жасалған Келісім-шартқа қолданылмайды.

Осы тармақпен белгіленген кепілдіктер Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, экологиялық қауіпсіздік және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының

өзгерістеріне

қолданылмайды.

28.2. Заңнамаға Келісім-шарт бойынша қызметті одан әрі жүзеге асыру мүмкін еместігіне алып келетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Тараптар мүдделердің бастапқы белгіленген тепе-теңдігін қалпына келтіру үшін Тараптардың жазбаша келісімімен Келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізе алады.

Ескерту. 28-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. 889 қаулысымен.

29-бөлім. Келісім-шарттың қолданылуын тоқтату және тоқтата тұру шарттары

29.1. Құзыретті орган егер:

Келісім-шарттың қызметімен байланысты жұмыстардың ықпал ету аумағында жұмыс істейтін немесе тұратын адамдардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнсе, Келісім-шарттың қолданылуын міндетті түрде тоқтатады.

29.2. Құзыретті орган Келісім-шарттың қолданылуын мынадай жағдайларда:

Мердігер Келісім-шартта және Жұмыс бағдарламасында көзделмеген қызметті жүзеге асырған кезде;

Мердігер өз қызметінің процесінде Мемлекеттің жер қойнауын, қоршаған табиғи ортаны қорғау және жұмыс жүргізудің қауіпсіздігі бөлігінде Мемлекет заңнамасын бұзған кезде;

Мердігер өзінің қызметінің процесінде Келісім-шартта белгіленген салық төлеу және басқа да міндетті төлемдерді төлеу тәртібін бұзған кезде;

Мердігер Келісім-шарттағы құқықтарын Үшінші тұлғаға тапсыруды Келісім-шарттың 25-бөлімін толықтай немесе ішінара бұза отырып тапсыру кезінде;

Жұмыс бағдарламасының шеңберінде тежеусіз күш жағдайларында (кездейсоқ оқиға) байланысты жағдайларды қоспағанда, Мердігер өндірісті мерзімінен артық _____ күнге тоқтатса;

осы Келісім-шарт бойынша ақпараттық құпияны сақтау туралы шарттарды бұзған кезде тоқтата тұруға құқылы.

29.3. Мердігер Келісім-шарттың қолданылуын тоқтата тұруға мәжбүр еткен себептерді жойғанын хабарлағаннан кейін оның қолданылуы одан әрі жалғастырылады.

29.4. Келісім-шарт тек мынадай жағдайларда ғана қолданылуы мерзімінен бұрын:

Мердігер Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты емес Барлауды Өндіруді, бірлескен Барлау мен Өндіруді не Құрылысты және (немесе) жерасты құрылыстарын пайдалануды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауды туғызған себептерді жоюдан бас тартқан кезде не осы себептерді жою үшін жеткілікті мерзімде оларды жоймаған кезде;

егер жер қойнауын пайдаланушы Келісім-шартта белгіленген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға кіріспеген жағдайда;

адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызумен байланысты жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұруды туғызған себептерді жою мүмкін емес жағдайда;

Мердігер Келісім-шартпен не жұмыс бағдарламасымен белгіленген міндеттемелерін айтарлықтай бұзған жағдайда;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Жер қойнауын пайдалану құқығы қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес кепілдікке салынғаннан басқа жағдайларды қоспағанда, Мердігер банкрот деп танылған жағдайда К941000_ ;

Жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес Келісім-шарт заңсыз деп танылса тоқтатылады .

29.5. Келісім-шарттың қолданылуы осы Келісім-шарттың 29.4-тармағында көрсетілген себептер бойынша Мердігер Құзыретті органнан Келісім-шарттың қызметін қолданылу мерзімінен бұрын тоқтату туралы жазбаша хабар алғаннан кейін _____ күннен соң тоқтатылады.

29.6. Тараптар Мердігерге Келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы ескертуді тапсыру сәтіне орындалмай қалған ағымдағы міндеттемелерін орындаудан босатылмайды.

30-бөлім. Келісім-шарт тілі

30.1. Осы Келісім-шарттың мәтіні қазақ және орыс (басқа) тілдерінде жүргізіледі және барлық даналары бірдей.

30.2. Мәтіннің нұсқалары арасында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда _____ нұсқасы артықшылықты күшке қалайтын тілді көрсету ие болады .

30.3. Тараптар _____ тілдері қатынас тілдері ретінде қолданылатындығына уағдаласады. Келісім-шарт күшіне енген күннен бастап ____

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі көрсетілсін

жүргізуге қатысты техникалық құжаттама мен ақпарат _____
тілдерінде жүргізіледі.

30.4. Әкімшілік қызметке қатысты құжаттама мен ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

31-бөлім. Қосымша ережелер

31.1. Осы Келісім-шартты іске асыруға байланысты талап етілетін барлық хабарламалар мен құжаттар, осы Келісім-шарт бойынша Тараптардың әрқайсысына ұсынылған және жеткізілген деп, оларды алу фактісі бойынша е с е п т е л е д і .

31.2. Хабарламалар мен құжаттар тікелей қолға тапсырылады немесе мынадай мекен-жайларға: пошта, тапсырыс авиапоштасы, факс, телекс немесе телеграф бойынша жіберіледі.

Құзыретті органның мекен-жайы:

Мердігердің мекен-жайы:

т е л е к с

т е л е к с

телеграф

телеграф

Құзыретті органның атынан

Мердігердің атынан

31.3. Осы Келісім-шарт бойынша мекен-жайлар өзгерген кезде Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама ұсынуы тиіс.

31.4. Келісім-шарттың барлық қосымшалары оның құрамды бөліктері ретінде қаралады. Қосымшалардың және Келісім-шарттың өзінің ережелерінің арасында қандай да бір айырмашылық болған кезде, Келісім-шарттың негіз қалаушы мәні б о л а д ы .

31.5. Келісім-шарт ережелеріне қайшы келмейтін Келісім-шартқа енгізілетін түзетулер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімімен ресімделеді. Мұндай келісім Келісім-шарттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Осы Келісім-шартты 200__ жылғы _____ (айы) _____ (күні) Қазақстан Республикасының қаласында Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

Құзыретті орган

Мердігер

қолы _____

қолы _____

лауазымы _____

лауазымы _____